



ПЕДАГОГИКА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

№5

2024

ISSN 2959-3301

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ
- ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО -
МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

3. Б.А.Тұрғынбаева. Мұғалімнің шығармашылық әлеуметін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту.: теория және тәжірибе // Алматы. 2005, 174-бет
4. К.Құдайбергенова. Құзырлылық - тұлға дамуының сапалық критерий // «білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі» атты халықаралық ғылыми - практикалық конференцияның материалдары. 2018. 30- 32-б

ЗАМАНАУИ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ЖҮЙЕСІНІҢ МІНДЕТТЕРІ

Түркістан облысы, Төлеби ауданы, «Мәдени» ЖББМ

дене шынықтыру мұғалімі

Рыстанбек Нұртілеу Әбдіханұлы

Дене тәрбиесі адамға еңбек операцияларын орындауға көмектеседі, себебі адамды барынша нақты және нысаналы түрде алға жылжуға, алға қойылған мақсатқа сай күш жұмсауға үйретеді. Адам денсаулығын нығайту, оның ақыл-ой еңбегінің қарқынын арттыруға ықпал етеді.

Дене шынықтыру адамды өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауға үйретуге бағытталуы тиіс. Оқушылардың бойында спортқа, дене шынықтыру жаттығуларына, күнделікті гимнастикаға сүйіспеншілік тудырып, алдағы уақытта денені шынықтыру өмір бойы қажет екенін дәлелдеу мұғалімдердің міндеті болып табылады.

Дене тәрбиесі екі бағытта түсіндіріледі: қозғалыс іс-әрекетіне үйрету және физикалық (қозғалыс) қасиеттерін дамыту, бұл жұмыстардың арқасында адамға өмір сүру процесінде қажет болатын қозғалыс дағдылары қалыптасады.

Дене тәрбиесі жүйесінің мақсаты - адамның дамуына, оның әлеуметтік маңызы бар қызметтерді орындап, қоғамдағы жаңа құрылымдарға белсенді қатысуына әсер ету. Бұл мақсаттар келесі топтар арқылы жүзеге асады: сауықтыру; білім беру; тәрбиелеу.

Дене тәрбиесінің құралдары:

- дене шынықтыру жаттығулары;
- гигиеналық факторлар;
- табиғаттың сауықтыру күштері.

Дене тәрбиесіне дене шынықтыру жаттығуларының әртүрлі түрлерін тандап, кешенді қолдана білу тән.

Бұл міндеттер дене шынықтырумен айналысушы білім алушыларға байланысты олардың жас ерекшеліктеріне, денсаулық жағдайына, дене дамуының деңгейіне, дене әзірлігіне, сондай-ақ кәсіптік ынта-ықыласына қарай нақтыланады. Жан-жақты мақсаттылық, халықтық-ғылымилық дене шынықтыру, дене тәрбиесі жүйесінің негізгі белгілері болып табылады.

Орта білім беру мекемелеріндегі дене тәрбиесінің міндеті- негізгі қимыл әрекеттерін меңгеру, мектептегі дене тәрбиесіне даярлау, ауырулардың алдын алу және дене мәдениеті амалдарын қолдану арқылы денсаулықты нығайту болып табылады.

Мектепте дене тәрбиесі амалдарына базалық спорт түрлерінің бастапқы негіздері (жеңіл атлетика, гимнастика, қозғалыс және спорт ойындары, шаңғы тебу, жүзу) және қимыл-қозғалыс әрекеттерінің элементтері (төмпешіктен түсу, жылтыр мұзбен сырғанау, кедергілерден өту, өрмелеу және т.б.) кіреді.

Дене қуатын жан-жақты дамыту үшін бүлдүршіндерге дене тәрбиесі процесі кезінде қимыл шеберлігін, дағдысын, бастапқы икемділіктерін игеруге көмектесу керек. Сондықтан мектепке дейінгі білім беру мекемелеріндегі жеткіншектерді дене тәрбиесіне баулу және тәрбиелеу ісі негізгі мектепке дейін жүргізілгені жөн.

Жалпы дене шынықтыру денсаулықты нығайтуға, дене қуатын барынша арттыруға, қимыл ептілігіне дағдылануға бағытталған. Барлық дене тәрбиесі жаттығулары, сабақтары, адам денсаулығын нығайтуға арналуы тиіс. Балабақшалардағы сабақтардың нәтижесі олардың көлемі мен жаттығуды орындау қарқынына байланысты. Оқытушы өсіп келе жатқан организмнің биологиялық заңдылықтарын, жас ерекшеліктері мен барлық мүмкіндіктерін білуі керек, педагогикалық тәсілдерді және дәрігерлік бақылауды жақсы меңгеруі қажет. Сонда ғана ол денсаулықты нығайту жолында жемісті жұмыс істей алады.

Дене тәрбиесі сабағы оқу бағдарламасының және сабақтың өткізілу жоспарының негізінде жүргізіледі.